

ОӘК 376017

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР, АТАМЕКЕН ИДЕЯСЫ...

Баймуканова Перизат

peru_1991@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты
Ғылыми жетекші – А. Әлтай

Адамға туған жердің соншалықты ыстық, жақын болуында не керемет күш бар екен?!

Туған жерге деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты біз бір сөзбен патриотизм деп айтамыз. Қазақ отаншылдығын, атамекеніне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда жыраулар поэзиясының алатын орны ерекше.

Жыраулық поэзия – бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сөз өнеріміздің асыл мұрасы, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік белгісі. Ал оның өзекті тақырыбы - туған жері, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Ә. Тәжібаев: «Жырау – сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық-ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы» [1,224], - деп жыраулық дәстүрді әдебиетте орны бөлек жеке сала ретінде алып қарастырады.

Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан Қайғының “Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшір” деген ақылгөй сөзі сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да “Қайран менің Еділім!” деп еңіреп өткен, “Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап” деп Доспамбет жырау армандаған, “Ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым” деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді өмірді қалаған. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы-өмірді танытушылық, философиялық-дидактикалық мағынасы мол мұра. Ақын-жыраулар өлең-жырларымен, өнегелі ісімен халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді.

Жыраулар ел болашағын жырлауы тұрғысынан дараланып келген, сол дәуірдің ой-сана, әдет-ғұрыптық, тілдік шаруашылық, тарихи көріністерін суреттеген. Бұл жөнінде Х. Досмұхамедов былай дейді: «Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады» [2,15]-деп ой түйсе, Е.Ысмайлов: «Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, көбінесе, заман-дәуір, өткен мен

келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған» [3,42]. Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Асан қайғы:

«Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаным көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің

Қымыз ішіп, қызарып,

Мастанып, қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа хан жоқтай,

Елеуреп неге сөйлейсің», - деп ханның мінін бетіне айтып, орда маңында болып жатқан келеңсіздіктерді, елінің қараусыз қалғанын батырып айтады. Одан әрі халқына жайлы қоныс, тұрақты атамекен, ырысты жер іздеген абыз жырау:

...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,

Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір,

Мұны неге білмейсің!", - деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған, туған жер, атамекеніне деген жүрек сөзі.

Ұлттық бояуы ашық, ершіл романтикаға суарылған толғаныстары көркем тіркестерге өте бай Қазтуған Сүйінішұлы жырлары әлденеше ғасырлар бойы қазақ ақындарына үлгі, өнеге мектебі болған. Қазтуған Сүйінішұлының Мадақ жыры, Туған жермен қоштасу тәрізді шығармалары қазақтың көне поэзиясының таңдаулы нұсқаларының қатарына жатады. ХҮ ғасырдың екінші жартысында ез қарауындағы руларымен бірге Еділден ауып, Қазақ ордасының құрамына өтеді. Елге аландаған, Еділді қимай артына қарайлаған мына өлеңі сол кезде туса керек:

Алаң да алаң, алаң жұрт,

Ақала ордам қонған жұрт,

Атамыз біздің бұ Сүйініш

Күйеу болып барған жұрт,

Анамыз біздің Бозтуған

Келіншек болып түскен жұрт,

Қарғадай мынау

Қазтуған батыр туған жұрт,

Кіндігімді кескен жұрт,

Қайран менің Еділім,

Мен салмадым, сен салдың,

Қайырлы болсын сіздерге

Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

Жырау мына бір толғауында өзі жасап отырған тұрмыс-тіршілігіне дән риза. Көк майсаға қонған бай ауылдың бейқам өмірі, әдемі пейзаждық сурет елес береді. Туған жерін шын сүйген жас батыр бейнесін сомдайды.

Туған жер мәселесін сөз еткен келесі жырауымыздың бірі Доспамбет болып саналады. Доспамбеттің "Қоғалы көлдер, құм, сулар", "Азау, Азау дегенің", "Айналайын Ақ Жайық", т.б. өлеңдері белгілі.

Айнала бұлақ басы - Тең,

Азаулының Стамбұлдан несі кем?!

Азаулының Аймадет Ер Доспанбет ағаның

Хан ұлынан несі жоқ,

Би ұлынан несі кем?!

Тәңірінің өзі берген күнінде

Хан ұлынан артық еді менім несібем!

Азаулыда аға болған ерлер көп еді,

Әйтсе де аламанға ат байлағаны жоқ еді!» - деп өзінің туған жері Азов шаһарын сөз етеді. Жыраулар поэзиясын көптеген зерттеушілер зерттеді. Алайда, туған жер тақырыбы арнайы зерттелмесе де, зерттеушілер еңбектерінде бұл мәселе жиі бас көтерді. Мәселен бұл тақырып М.Мағауиннің еңбектерінде жиі ұшырасады. [4,17]

"Ауылдан топыр үзілмей,

Ошақтың оты өшпесе,

Май жемесе қонағым...

Он кісіге жараса,

Бір кісіге асқан тамағым", - деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған.

Жыраулар поэзиясы еліне, туған жеріне деген ыстық сезімге толы. Олар сол атамекеніне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін де жыр еткен. Мысалы, Тәтіқара жырау толғауында: «Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт, Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт.

Найзасының ұшына жау мінгізген

Еменәлі Керейді Ер Жабайды айт» - деп батырлардың ержүректілігін, батылдығын жыр еткен.

Шалкиіз жырау ерлер жаудан да, сойдан да тартынбайтын, батырлығы басынан асқан жігерлі жандар.

Ғәділ төре ел бастар,

Шешен адам сөз бастар,

Аға жігіт ел бастар,

Шешен адам сөз бастар, - деп ер жігіттің ерлікпен аты шығатынын, нағыз батыр қиындыққа шыдап, ел үшін күреске шығу керектігін айтады.

Ал Бұқар жырау өз заманының басты идеологы болды, толғаулары сол тұста ерекше ерліктерімен көзге түскен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Тілеуке тағы басқа батырларды ханның сенімді серіктері, «қазақтың абырой-арына бар күшін сарп қылған» ел қорғаны, әйгілі батырлары, асыл азаматтары тұрғысынан маңызды мәселелерге арналды, сонымен қатар баба туған жер мен еліне:

Бағаналы орда басты орда

Байсал орда қонған жұрт,

Қара түлкі қармалжық

Қас сыпайы киген жұрт,

Ақсары атан аспалап,

Ел жайлауға шыққан жұрт,

Хақтың жолын күзетпей,

Жамандықты ұққан жұрт,- деп, мекеніне деген ұлы махаббатты жеткізудегі, ішкі рухани толқыныстың ғажап сәйкестігін аңғарамыз.

Аталмыш туындылар — ұлы жыраулардың ішкі бұлқыныстары мен буырқаныстарының жемісі. Бұл шығармаларда қыр өмірінде болып жататын өзіндік өмір ағыстары, дала заңдарымен өмір сүретін адамдардың жортуылды өмірінің эпизодтары суреттеледі.

Иә, жыраулар өз заманындағы нағыз халық жанашырлары бола алды. Олар жыр шығарып, толғау айып, тек өнер иесі ғана болып қойған жоқ, жаугершілік заман болып, ел басына күн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасы болды. Сол қызметтерді атқара жүріп, ел қорғау, халықты азат ету мақсатын паш ететін сарбаздарын жігерлендіретін, патриотизмді насихаттап немесе хан, уәзірлерге пікір қосып, кемшіліктерін бетіне басып, қаймықпай ашық жеткізетін міне осы жыраулар болды.

Сонымен, халқымыздың ауыз әдебиеті ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Ақын-жыраулардың поэзиясы, олардың ұлттық рух пен тарихи сананы жаңғырту идеясы қазірдің өзінде де өз күшін жойған жоқ. Сондықтан жыраулардың бай мұраларын қазіргі жастардың пайдаланатын тәлімдік құралы етіп, оларды елін, жерін сүйуге, құрметтеуге баулып, адамгершілік қағидаларының басты ұстанымы екендігін жастар санасына сіңіру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тәжібаев Ә. Жылдар. Ойлар. -Алматы,1976.
2. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. -Алматы,1998.
3. Ысмайылов Е. Ақындар. -Алматы,1956.
4. М.Мағауин. «Қобыз сарыны» Алматы, «Атамұра» 2006.
5. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы,1984.
6. Ш.Ш. Уәлиханов «Собрание сочинений в пяти томах, 2 том, 1961.
7. З.Ахметов. «Поэзия шыңы-даналық» Астана, 2002.
8. Мүсілім Базарбаев. «Өлең-сөздің патшасы сөз сарасы» Алматы, 1973
9. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Лтд.» ЖШС, 2010.